

**Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 442 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабы 1-тармағы 5-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағы 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, өтініш негізінде Рудный қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "Рудный қаласындағы кәріз коллекторы" үшін мынадай жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін:

Рудный қаласы, Парк көшесінің бойымен кәріз сорғы станциясына дейін (КСС), одан әрі КСС-дан басталатын Горький көшесінің бойымен Сеченов көшесіне дейін және Сеченов көшесінің бойымен жұмыс істеп тұрған орталық нәжіс сорғы станциясына дейінгі мекенжай бойындағы сыртқы электрмен жарықтандыру тораптарына жоғары вольтты кабельдерін төсеу және қызмет көрсету мақсатында көлемі 0,0235 га;

Рудный қаласы, Парк көшесінің бойымен кәріз сорғы станциясына дейін (КСС), одан әрі КСС-дан басталатын Горький көшесінің бойымен Сеченов көшесіне дейін және Сеченов көшесінің бойымен жұмыс істеп тұрған орталық нәжіс сорғы станциясына дейінгі мекенжай бойындағы сыртқы электрмен жабдықтау тораптарына жоғары вольтты кабельдерін төсеу және қызмет көрсету мақсатында көлемі 0,0690 га.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі*

*В. Ионенко*